

ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінің» мектепшілік бақылау жоспары бойынша мектеп асханасының материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайын қадағалау мен тексеріс қорытындысы.

Қадағалау өткен күн: 31.08.2022 жыл

Қатысқандар:

1. Малибеков Н.И.
- 2.Кузенбаев Ш.
- 3.Гусейнов А.А.

Мақсаты: материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайын қадағалау.

Мектеп комиссиясының қадағалауы мен тексерісі барысында төмендегідей жағдайлар анықталды.

Мектеп асханасы санитарлық талаптардың, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне дайын. Қызметкерлер арнағы санитарлық киіммен (халат немесе күртеше, шалбар, бас киім, тайғанамайтын жеңіл жұмыс аяқ киімі) қамтамасыз етілген. Жұмысқа тиісті кәсіби біліктілігі бар адамдар және белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексерулер, кәсіби гигиеналық дайындықтар (тырнақ қысқа қылған, ірінді және тері аурулары жоқ) және аттестациядан өткен адамдар жіберілген. Тексеру кезінде шикі тағам сақтайтын бөлмелердің тазалықтары, азық-түліктердің сақталу мерзімінің дұрыстығы, сұт, май, ет тағамдарының тоңазытқышта сақталу жайы да тексерілді. Балалардың тамақтануында тыйым салынған тағамдар тұтынылмайды.

Окушылардың қол жууына, қол кептіруіне жағдай жасалынған.

Асхананың бас аспазы білім алушылардың тамақтануы пісіру, бұға пісіру, сөндіру, пісіру сияқты тағамдарды дайындаудың белгілі бір тәсілдерін пайдалануды көздейтін жұмсақ тамақтану қағидаттарына сәйкес келетіндігін және тітіркендіргіш қасиеттері бар өнімдердің алынып тасталынатынын, күн сайын тамақтану залында ас мәзірі ілінетіндігін, онда тағамдардың көлемі мен аспаздық өнімдердің атаулары туралы мәліметтер көрсетілетіндігін айтып өтті.

-Асханада тыйым салынған тағамдар тізімі бар.

-Тамақ мәзірі бойынша барлық талаптар сақталған. Аспазшылардың медициналық тексерістен өткен кітапшалары бар.

-Тамақтанатын ыдыстар таза, ыдыс жуатын орындар талапқа сай орнатылған.

-Тамақтың дайындалуына жауапты адамдардың арнағы білімдері бар.

-Тамақтарды сақтау бойынша арнағы тоңазытқыштар мен жеке қойма орындардың бар екені анықталды.

-Алынған тағамдардың барлығының сақталу мерзімі көрсетілген.

Шешімі:

1.Мектеп асханасының материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайы өз деңгейінде деп танылсын.

2. Күнделікті дайын тамақтың сапасын бақылау комиссиясының жұмысы ары қарай жалғасын тапсын.

3. Сынып жетекшілер асханада окушыларды өзін қалай ұсташа керек туралы сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс.

Комиссия төрағасы:

Н.И. Малибеков